

23 желтоқсан
Сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

ЖАҢА КӨПІРДІҢ ТАСТАМАЛАРЫ САЛЫНЫП ЖАТЫР

ОЙЫЛ СЕЛОСЫНА КІРЕБЕРІСТЕГІ КӨПІРДІ САЛЫП ЖАТҚАН МЕРДІГЕР «ТЕҢІЗСТРОЙСЕРВИС» ЖШС-І ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА ОЙЫЛДЫҚТАРДЫҢ КҮДІГІНЕН ҮМІТІН КҮШЕЙТТІ. ЯҒНИ, ӨТКЕН СЕНБІ КҮНІ КӨПІРДІҢ АЛҒАШҚЫ ТАСТАМАСЫ САЛЫНДЫ.



Аудан халқының көкейіндегі ең басты сұрақ – көпір қашан аяқталады? Әрине, ауызға оңай болғанымен қателікке жол беруге болмайтын құрылыста асығуға да болмайды! Сондықтан, анық басқан қадамның ақыры – алдағы уақыттағы қауіпсіз қозғалыстың кепілі.

Қазіргі таңда көпір құрылысының барысында соңғы тіреулерін құю жұмыстары жүріп жатыр. Сонымен қатар, тастамаларын төсеу жұмыстары жүргізіле береді. Бір тастаманың ұзындығы 33 метр. Бүгінгі күні оның 8-і қой-

ылды. Қазіргі таңда көпір құрылысында әртүрлі 25 техника жұмыс жасап жатыр. Сондай-ақ, осы жұмыстарға 90 жұмысшы тартылған болса, оның 60-ы ойылдықтар. Демек, «Елде болса, ерінге тиеді» - деген осы.

Қазақ халқының ұғымында үш сауапты іс бар. Яғни, шөлде құдық қазған, өзенге көпір салған, жолға ағаш еккен. Сондықтан, ойылдықтар да осындай сауапты істің біріне атсалысып, біздің аудан үшін тарихи құрылысқа қолтаңбаларын қалдырып жатыр.

СОҢҒЫ СЕССИЯ - КЕЛЕШЕКТІҢ ЖОСПАРЫ

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СӨКЕН ЗАЙМОЛДИННИҢ ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУІМЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ.

Сессия отырысына аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары, аудандық қоғамдық Кеңес төрағасы Марат Арыстанов, ауылдық округ әкімдері, тиісті мекеме басшылары қатысты. Жылдың сессиясының күн тәртібіне ең негізгі мәселе - «2026-2028 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» болды. Осы негізгі мәселе бойынша және 2026-2030 жылдарға арналған Ойыл ауданының даму жоспарын бекіту туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділханов баяндама жасады. Сонымен қатар, 2026 жылға арналған Ойыл ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы да хабарлады. Аудандық мәслихаттың депутаты, комиссия төрағасы Еркін Жиеналин аудандық

мәслихаттың әлеуметтік – экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының, ал депутат Сәндібек Нұрбаев аудандық мәслихаттың білім, мәдениет, денсаулық сақтау, құқық тәртібі және жастар саясаты мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін баяндады. Ал, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі басшысы Гүлзат Жеткергенқызы аудан әкімдігі жанындағы жастар істері жөнінде кеңес құру туралы хабарлама жасаса, аудандық мәслихат аппаратының бөлім басшысы Алмат Мусин Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №106 «Ойыл аудандық аумақтық сайлау Комиссиясын сайлау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы хабарлады. Сондай-ақ, депутаттар жылдың соңғы сессиясында аудан әкімі жанындағы бірнеше комиссияның құрамына бірнеше өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, Ойыл ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекітті.

ЖАҢА ЖЫЛДАН БАСТАП ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ ҚҰНЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ӨЗГЕРЕДІ?



Қазақстанда 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) өсуіне байланысты бірқатар құжаттарды рәсімдеу құны қымбаттайды. — 2025 жылғы 8 желтоқсанда қабылданған «2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға сәйкес, 2026 жылы АЕК мөлшері 4 325 теңге болып белгіленді. Ал 2025 жылы бұл көрсеткіш 3 932 теңге болған. Осыған байланысты мемлекеттік баж мөлшері де өседі, — делінген құжатта. Атап айтқанда, 36 беттен тұратын қарапайым паспортты рәсімдеу құны 8 АЕК (34 600 теңге). 2025 жылы бұл қызмет 31 456 теңге болған. Сондай-ақ 48 беттен тұратын паспорт үшін 12 АЕК (51 900 теңге) төлеу қажет, ал 2025 жылы оның құны 47 184 теңге болды. Балалар паспорты 4 АЕК-ке (17 300 теңге) тең. 2025 жылы бұл көрсеткіш 15 728 теңге болған. Сонымен қатар жеке куәлікті алғаш рет алу және мерзімі аяқталуына байланысты ауыстыру тегін болып қала береді.

Алайда жеке куәлік жоғалған жағдайда оны қалпына келтіру үшін 0,2 АЕК (865 теңге) төлеу қажет. Егер жеке куәлік екінші рет жоғалса, мемлекеттік баж мөлшері 1 АЕК — 4 325 теңге. Ал жүргізуші куәлігін рәсімдеу құны 1,25 АЕК болады, яғни 5 406 теңге. Сондай-ақ некені тіркеу де қымбаттайды. Неке туралы куәлік үшін 1 АЕК — 4 325 теңге төлеу қажет. Ал некені бұзу үшін алынатын мемлекеттік баж 2 АЕК, яғни 8 650 теңге, ал 2025 жылы бұл сома 7 864 теңге болған. Туу туралы куәлік бұрынғыдай тегін беріледі. Дегенмен, ол жоғалған жағдайда құжатты қайта алу үшін 0,5 АЕК — 2 163 теңге төлеу талап етіледі. Бұған дейін жаңа жылдан бастап Қазақстанда айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 4 325 теңге болады. Бұл бірнеше төлемнің мөлшеріне әсер етеді. Kazinform тілшісі жәрдемақы, мемлекеттік баж және ең жиі кездесетін құқық бұзу бойынша айыппұлдың қаншалықты өсетінін есептеп шыққан еді.

kazinform.kz

АНАРГҰЛ НАУРЫЗБАЕВА -

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ»

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН САЛТАНАТТЫ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ ӨТТІ. ІС-ШАРАДА АДАМ ӨМІРІН САҚТАУ ЖОЛЫНДА АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Елеуов дәрігерлер мен мейірбикелер еңбегінің маңыздылығын, медициналық көмектің барлық деңгейінде көрсетілу сапасын арттыру үшін жаңа технологияларды енгізудің өзектілігін атап өтіп, қалалық және аудандық медициналық ұйымдардың қызметкерлеріне марапаттар табыстады. Салтанатты жиын барысында медицина саласына қосқан елеулі үлесі, көпжылдық адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі үшін қызметкерлерге «Еңбек ардагері», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табысталды. Осы орайда Ойыл аудандық ауруханасының акушерка



мейірбикесі А.К.Наурызбаева ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі медалімен марапатталды. Бұл марапаттар — бейбіт күннің батырларына, өз ісіне шын берілген мамандарға көрсетілген зор алғыс пен сенімнің белгісі.

ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒААДЫ

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАНДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУМАҚТЫҚ ДЕПАРТАМЕНТТЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ.



Әсіресе, мемлекеттік қызметтер алу кезінде олардың сапалы әрі уақытылы көрсетілуі, қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге айрықша мән беріледі. Осылайша, шетелдік азамат Н. Ақтөбе облысы аумағында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №992 бұйрығымен бекітілген «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру» мемлекеттік қызметіне «EGov Mobile» мобильдік қосымшасы арқылы өтініш жолдаған. Қызметті рәсімдеу барысында қызметті көрсетуші орган — Ақтөбе облысы полиция департаментінің Көші-қон басқармасымен қағидалардың талаптары бұзылып, көрсетілетін қызмет мерзімін кешіктіру фактісі орын алған. Шетелдік азамат Н. орын алған бұзушылыққа байланысты ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне Telegram әлеуметтік желісіндегі «EgovKzBot» арқылы шағым түсірген. Шағымды қарау шеңберінде Департамент Көші-қон қызметі басқармасына тиісті сұрау жолдап, нәтижесінде техникалық ақау салдарынан азаматтың өтініші ақпараттық жүйеде тіркелмегені анықталды. Мәселені шешу мақсатында Департамент мамандары шетелдік азамат Н.-мен

жеке байланысып, жағдайдың мән-жайын түсіндіріп, өтінішті қайта жолдауды ұсынды. Қайта берілген өтініштің уақытылы және кедергісіз орындалуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қызметтің барлық бизнес-процестері Департамент тарапынан толық бақылауға алынды. Жүргізілген шаралардың нәтижесінде шетелдік азамат Н. «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру» бойынша мемлекеттік қызметтің оң нәтижесін бекітілген мерзімде алып, құқықтары толық көлемде қалпына келтірілді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, егер Сіз негізсіз бас тарту, артық құжаттарды талап ету, мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерінің бұзылуы немесе жауап беру мерзімдерінің сақталмауы сияқты жағдайларға тап болсаңыз, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы 40 мекенжайы бойынша орналасқан Департаментке немесе 55-09-69, 54-54-58 байланыс нөмірлері және онлайн – форматта Telegram әлеуметтік желісіндегі «EgovKzBot» арқылы жүгінуіңізге болатынын хабарлаймыз. **Ердеулет АЙТМАҒАМБЕТ, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы.**

ХАЛЫҚ СЕНИМІ - ДЕПУТАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ НЕГІЗІ



2025 жылдың қорытындысы бойынша №5 бірмандаттық сайлау округі бойынша Ойыл



аудандық мәслихат депутаты, «AMANAT» партиясының өкілі Еркін Жиеналин сайлаушыларымен кездесіп, өз қызметінің нәтижелері туралы толық есеп берді. Кездесуге округтің 785 сайлаушысы қатысты. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның 21-бабына сәйкес өткен кездесуде депутат өзінің сайлауалды бағдарламасында алға қойған 10 негізгі міндеттің орындалу барысы туралы ашық айтып өтті. Сонымен қатар, «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» атты 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасының Жол картасы бойынша жауапты тұлға ретінде бекітілген көрсеткіштердің орындалу нәтижелері жан-жақты талқыланды.

ЖОЛДАР МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ: УӘДЕЛЕР ОРЫНДАЛУДА

Сайлау науқаны кезінде Еркін Жұмағазыұлы Ойыл ауылының батыс бөлігіндегі жаңа тұрғын үй массивтеріне жол салу мәселесін басты назарда ұстағанын атап өтті. Бүгінгі күнге осы бағытта айтарлықтай жұмыстар атқарылды. 2024 жылы бюджеттен 489 млн теңгеден астам қаржы бөлініп, 5 көшеге жалпы ұзындығы 3,8 км асфальтталған автомобиль жолы мен тротуарлар салынды. Әл-Фараби, Рабиға Сыздықова, Асан-Қайғы көшелері мен Құрман көшесінің жоғарғы бөлігіне 4,7 млн. теңгеге қиыршық тас төселді. Депутаттың бастамасымен мәслихат сессияларында бірнеше рет көтерілген бұл мәселе нәтижесін берді – тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасалды. Ауылдың жоғарғы бөлігінде орналасқан көшелердегі жарықтандыру жүйесі толықтай жаңартылып, ескі шамдардың орнына заманауи жарық құралдары орнатылды. Қаңтарбаев көшесіне асфальт төсегуге арналған жобалық-металдық құжаттама толық дайындалып, алдағы жылға жұмыстар жоспарланған.

«Тұрғындардың ең басты қажеттілігі – жақсы жол. Біз бұл мәселені шешу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаландық. Мәслихат сессияларында үнемі көтеріп, бюджетке ұсыныстар енгіздік. Нәтиже көз алдымызда», – деп атап өтті депутат кездесу барысында.

СПОРТ АЛАҢДАРЫ – САЛАУАТТЫ ҰРПАҚ ТӨРБИЕЛЕУДІҢ КЕПІЛІ

Балалар мен жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Тәуелсіздік көшесіне 16 млн теңгеге балалар футбол алаңы салынып, пайдалануға берілді. Ауылдың жоғарғы бөлігінде 30,1 млн

теңгеге кешенді спорт кешені (футбол, волейбол алаңдары және балалар ойын алаңдары) іске қосылды. «Біздің балаларымыз бен жастарымыз спортпен айналысуға жағдай алуы керек. Бұл олардың денсаулығы ғана емес, болашағы үшін де маңызды», – деді депутат.

КІРЕБЕРІС ЖОЛ: ҚИЫН ЖАҒДАЙДАН ШЫҒУДЫҢ ЖОЛЫ

2024 жылғы су тасқыны салдарынан зардап шеккен Ақтебе бағытынан Ойыл ауылына кіреберіс 3,8 км жолды орташа жөндеу ең күрделі мәселелердің бірі болды. Жобаның сметалық құны 508,5 млн. теңгені құрады. Бірінші мердігердің жұмыстарды уақытылы аяқтамауына байланысты келісім шарт бұзылып, жаңа мердігер «Truck Logistics KZ» ЖШС-мен келісім жасалды. Қазіргі таңда 2,68 км асфальт жамылғысы төселіп, жол толық аяқталу сатысында.

ТАЗА СУ – ТҰРҒЫНДАР САУЛЫҒЫ

Ойыл ауылының батыс бөлігін ауыз сумен қамту мәселесі шешілді. 2024 жылы 18 млн. теңгеге арнайы вакуумдық сорғы сатып алынып, екінші су көтеру станциясына орнатылды. Жалпы аудан бойынша 20 елді мекен сапалы ауыз сумен қамтылған. Орталықтандырылған ауыз сумен қамту үлесі елді мекенге шаққанда 95,2%, халық санына шаққанда 98,4% құрап отыр. Желтоқсан айында Көптоғай а/о Қарасу ауылында орталықтандырылған ауыз су құбыры пайдалануға беріледі.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ: СОЗЫЛҒАН МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ ТАБЫЛУДА

Ойыл ауылындағы екі сегіз пәтерлі жалдамалы-коммуналдық тұрғын үй құрылысы 2020 жылдан бері аяқталмай, «сақалды құрылысқа» айналған мәселе еді. Депутаттың белсенді қатысуымен 2025 жылы облыстық бюджеттен 180 млн теңге бөлініп, жаңа мердігер «Рус Тал» ЖШС жұмысты жалғастырды. Бүгінгі күнге екі тұрғын үйдің бірінші қабаттары толық са-

лынды.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ: ДЕПУТАТТЫҚ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ

Ойыл аудандық ауруханасын күрделі жөндеу мәселесі депутаттың ерекше назарында болды. Мердігер компанияның жауапсыздығынан жұмыс уақытылы аяқталмағаннан кейін, бірнеше рет депутаттық рейд өткізіп, «AMANAT» партиясының облыстық филиалына, партиялық бақылау комиссиясына ресми хаттар жолдады.

«Ауданымызға іссапармен келген ҚР Парламенті Мәжілісі мен облыстық мәслихат депутаттарының алды-

6 жоба қазірдің өзінде несие алды. Қалған 6 жоба желтоқсан айында қаржы алады.

ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – АУЫЛДЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

Аудандағы 5866 жастың (14-35 жас) жұмыспен қамтылуы басты назарда. 2025 жылдың 11 айында 864 жас жұмыспен қамтылды. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,7%-ға дейін төмендеді – бұл жақсы көрсеткіш. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 60 маманға 23,5 млн теңге көтерме жәрдемақы, 7 маманға 62,9 млн теңге тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит берілді. Биыл ауданға 5 дәрігер (акушер-гинеколог, лор, хирург, 2 жалпы тәжірибе дәрігері) жұмысқа келіп, тұрғын үймен қамтамасыз етілді. «Жастарымыз ауылда қалып, жұмыс істеуі үшін барлық жағдайды жасауымыз керек. Тек қана жұмыс орны емес, тұрғын үй, әлеуметтік қызмет – бәрі қажет», – деді Еркін Жұмағазыұлы.

«AMANAT» ПАРТИЯСЫНЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ: НАҚТЫ ІСТЕР МЕН НӨТИЖЕЛЕР

Депутат Еркін Жиеналин сөзін жалғастыра отырып, «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» атты 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасында жауапты депутат ретінде бекітілген көрсеткіштердің орындалуы туралы есеп берді. Жол картасы – тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін нақты істерді жүйелі тін құжат. Онда денсаулық сақтау, инфрақұрылым, әлеуметтік сала және экология секілді бағыттар қамтылған. Жалпы, Жол картасы бойынша 41 көрсеткіш, оның 33 пунктін 2025 жылға жоспарланған. Соның ішінде 21 көрсеткіші орындалды, 7-уі орындалу барысында, 5-уі орындалмай қалу тәуекелі жоғары көрсеткіштер.

ДЕПУТАТ ЖАУАПТЫ 7 КӨРСЕТКІШ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРДІ

Жол картасында депутат жа-

пәтер) жоспарланған. Көрсеткіш толық орындалды. Бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй құрылысы: 2024 жылы бюджет қаражаты есебінен 692 м² тұрғын үй салынды. Көрсеткіш толық орындалды. 5 жылда тұрғын үймен қамтамасыз ету: 2022 жылы 63 отбасы тұрғын үй алса, 2025 жылы 78 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді. 2027 жылға дейін 88 отбасыны қамту жоспарланған. Көрсеткіш толық орындалды.

3.2. ЖОЛДАР САПАСЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТІ ЖАҚСARTY

Автомобиль жолдарын салу және қайта жаңарту: 2025 жылға «Сарбие-Қараой» автомобиль жолын салу жоспарланған болатын. ЖСҚ әзірлеуге арналған бюджеттік өтінім облыстық басқармаға жіберілген, алайда қолдау таппады. Жоба тиімсіздігіне байланысты тоқтатылды. Көрсеткіш орындалмады. Тәуекел аймағында. Облыс аудандарындағы жолдарды күрделі және орташа жөндеу: Аудандық маңызы бар «Ойыл-Қараой» автомобиль жолының 30-45 км учаскесіне 500 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда мердігер «ЗапКазПром-Строй» ЖШС анықталып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге 30-45 км аралығында 14 км асфальтбетон жамылғысы төселді және 15 км автомобиль жолының негізі салынды. Қалған қаражат 2026 жылға жоспарланған. Көрсеткіш ішінара орындалды. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында көше жолдарын орташа жөндеу: 2025 жылы Қаратал ауылындағы көшелерді орташа жөндеу жоспар бойынша жүргізілді. 2026 жылға Сарбие ауылындағы көшелерді жөндеу жоспарланған. Көрсеткіш толық орындалды.

3.3. САПАЛЫ АУЫЗ СУ ЖӘНЕ ГАЗБЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

60 селода газбен қамтамасыз ету объектілерін салу: Облыс бойынша бүгінгі күнге 153 село газбен қамтылған. Ойыл ауданы бойынша 2025

Орындалмаған және ішінара орындалған көрсеткіштер бойынша нақты себептер анықталып, проблемаларды шешу жолдары қарастырылуда. Аталған мәселелер бойынша депутаттық бақылау жалғастырылып, тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар жолданып жатыр», – деді Еркін Жиеналин.

ДЕПУТАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ: САНДАРМЕН АЙТСАҚ

Жиеналин Е.Ж. өзінің 2025 жылғы депутаттық қызметінің нақты көрсеткіштерін атап өтті: Мәслихат жұмысы: - Аудандық мәслихаттың барлық сессияларына қатысты - Тұрақты комиссияның төрағасы ретінде 13 отырыс өткізді - 37 мәселе күн тәртібіне шығарылды - 4 депутаттық ұсыным берді - 3 ресми талап-тілек жолдады мемлекеттік органдарға Сайлаушылармен жұмыс: - 33 рет сайлаушылармен кездесу өткізді; - 41 депутаттық қабылдауда 97 тұрғынның арызын қабылдады; - 73 арыз қанағаттандырылды - 22-сіне заңдылық тұрғысынан түсінік берілді - 2-уі бақылауда тұр Депутаттық бақылау: - 39 рет депутаттық бақылау рейді өткізді - Құрылыс нысандары, әлеуметтік объектілер үнемі тексерілді

ҚОРЫТЫНДЫ: ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

Есеп беру кездесуінің қорытындысында Еркін Жиеналин сайлауалды бағдарламасындағы 10 міндеттің 8-і толық немесе жартылай орындалып, 80% көрсеткішке жеткенін атап өтті. Қалған екі мәселе – ҚТҚ полигоны мен айналма жол құрылысы күн тәртібінде тұр және белсенді жұмыс жүргізілуде. «Менің депутат ретінде атқарған жұмысым халықтың қолдауы мен сенімі арқылы мүмкін болды. Сайлауалды бағдарламамда уәде еткен бастамалардың басым көпшілігін жүзеге асыруға тырыстым. Сайлаушыларымның ұсыныстары мен пікірлері депутаттық қызметімнің маңызды бөлігі болды. Партия Жол картасы бойынша жауапты көрсеткіштердің 71,4%-ы толық орындалды. Қалғандары бойынша жұмыс жалғасуда», – деді депутат.

АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР

Жиеналин Е.Ж. алдағы уақытта да сайлаушылардың мүддесін қорғап, ортақ мақсатқа жету жолында бар күшін салатынын мәлімдеді. Айналма жол мен ҚТҚ полигонын салу жұмыстары жалғасатын болады. «Ойыл-Қарауыл» жолының 45-75 км учаскесін күрделі жөндеу мәселесі сессияға мәселе етіп қойылады. Сондай-ақ, аурухананы күрделі жөндеуден өткізу, жолдарды асфальттау, жастарды жұмыспен қамту, газбен және ауыз сумен қамту бағыттары басым назарда қала береді. Редакциядан: Депутат пен сайлаушы арасындағы ашық диалог – демократияның негізі. Жиеналин Еркін Жұмағазыұлының екі деңгейдегі есебі – жеке сайлауалды бағдарлама және партиялық Жол картасы бойынша – қоғам алдындағы жауапкершілік пен ашықтықтың үлгісі болып табылады. Нақты сандар мен көрсеткіштер тұрғындарға депутаттық жұмыстың нәтижелерін айқын көруге мүмкіндік береді. Басқа да депутаттарымыз осындай ашықтықпен халық алдында есеп берсе деген үміттеміз.



стары басталған. «Жасыл белдеу» бағдарламасы аясында биыл 7 млн теңгеге қарағаш отырғызылып, қоршау жұмыстары жүргізілді. Ауылдық округте жоспар бойынша 2500 орнына 3170 түп жасыл желек отырғызылды – жоспар 126,8%-ға орындалды.

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: КӨСІП-КЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

Соңғы үш жылда «Ауыл Аманаты» жобасы басталғалы аудан бойынша 220 жоба 1 млрд 82,8 млн теңгеге жеңілдетілген несие алды.

2025 жылы 12 жобаға 48,3 млн теңге несие мақұлданып,

уапты тұлға ретінде 7 көрсеткіш бойынша бекітілген болатын. Аталған көрсеткіштер «Өмір сүру жағдайларын жақсарту» бағдарламасының 3 негізгі бағыты бойынша жүзеге асырылды.

3.1. ХАЛЫҚТЫ ТҰРҒЫН ҮЙ-МЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Жеке құрылысшылардың есебінен тұрғын үй құрылысы: Бұл бағыт бойынша көрсеткіштер тұрақты өсу үстінде. 2022 жылы 10 210 м² (63 пәтер) болса, 2025 жылы 11 341 м² (192 пәтер) көлемінде тұрғын үй салынды. 2027 жылға дейін 12 341 м² (217

жылы 3 село газбен қамтамасыз етілді. 2026 жылға 6 селоны газбен қамту жоспарланған. Көрсеткіш толық орындалды.

ЖОЛ КАРТАСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Депутат жауапты 7 көрсеткіштің орындалу нәтижелері: - Толық орындалды: 5 көрсеткіш (71,4%) - Ішінара орындалды: 1 көрсеткіш (14,3%) - Орындалмады/тәуекел аймағында: 1 көрсеткіш (14,3%) «Жол картасы бойынша көрсеткіштердің басым бөлігі орындалып келеді.

«КЕЙДЕ АЯЗ, КЕЙДЕ БҰРҚАҚ, КЕЙДЕ ҚЫРБАҚ...»

ЕДІЛ МЕН АЛТАЙҒА ДЕЙІН АЛЫП КЕҢІСТІКТЕ ЖАТҚАН ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ҚЫСТЫҢ ТҮСУІ ӨРКЕЛКІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІГІ МЕН ШЫҒЫСЫНА ҚЫС КҮЗДІҢ ОРТАСЫНДА-АҚ ТҮССЕ, ОҢТҮСТІГІ МЕН БАТЫСЫНА ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНЫҢ ІШІНДЕ ТҮСЕДІ.



Халық есепшілері келер қыстың қандай болатынын, кейде басқа жыл мезгілдеріндегі ауа-райымен байланыстыра отырып болжайды. Мәселен, «Көктем ерте туса, қыс та ерте түседі», «Жаз жауын-шашынды болса, қыс боранды болады», «Жаз ыстық болса, қыс суық болады», «Егер қоңыр күз тез өтсе, қатал қысты күтіңіз» және т.б.

ҚЫРБАСТЫҢ ҚЫЗЫЛЫ
Қырбастың қызылы — желтоқсанның басында болатын алғашқы аяз. Қазақстанның солтүстік өңірлерінде қыс ерте түсіп, шыңылтыр аяз бола бастайды. Теке бұрқылдақ. Қазақ даласында желтоқсан айының қатты боран соғатын соңғы онкүндігінде киік текесінің маталу, яғни ұрғашысын қашыратын кезі. 2-3 күн ішінде маталу толық аяқталады. Сосын мамыр айының аяғында киіктер 2-3 күннің ішінде лақтап, төлдерін өргізеді. Желтоқсан айындағы бұл боранды қазақтар «теке бұрқылдақ» деп, ал кей өңірде «текенің бурқағы» деп те атайды. Күннің таласуы. Халықтың таным-түсінігі бойынша, қаңтардың алғашқы күнінде күн бой көте-реді, сол кезде ауа райы өзгеріп, қар жауады, сырғыма жүріп, боран болуы да мүмкін. Сырғыма деп, боранның әсерінен сусып, жылжыған қарды айтады. Қыс шілдесі — қаңтардың соңғы күндеріндегі аяз. Бұл кезде қыс күшіне еніп, түкірік жерге түспейтін сақылдаған сары аяз болады. Қазақтар мұны «Қыс шілдесі» деп бейнелі түрде атаған. Халық есепшілері болса, Үркер мен Ай арасындағы бұрыш тіктөртбұрыш жасап орналасса, қыс шілдесі уақыты басталады деп есептеген. Бөрі сырғақ. Ақпан айында ат құлағы көрінбейтін борандар соғады. Айдың соңындағы сырғақ пен қатты боранды күндері қасқырдың арланы мен қаншығы жұптасады. Сырғақ деп, бұршақтан кіші мұзды қар түйіршіктерін атайды. Көпті көрген көнекөз қариялар қасқырлардың жұптасуына орай ақпанның соңғы сырғақ пен боранды күндерін «Бөрі сырғақ» деп атайды. Алатаң қыс — қалың жауған қардан жер бетінің қарасы көрінбей сазарып жататын қыстың ұзақ түндері. Алатаң қыстан жылқы ғана күйлі шығуы. Басқа мал қатты қиналып, көп шығынға ұшырауы мүмкін. Қараша шегесін шағады, Желтоқсан көпірін салады Амал атаулары көбіне есепшілік кәсіпке қатысты болса, күн райына байланысты атаулар жалпыхалықтық сипаттағы сөздер болып табылады. Қыс мезгіліне қатысты

ұғымдарды академик Әбдуәли Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты еңбегіндегі (Т. 3, 172-173 бб.) этнолингвистикалық түсіндір-мелерімен беруді жөн көрдік: «Аю теріс аунап түсті» — қар қалың жауып, арты суырынды боранға ұласқанда айтылатын сөз. Мұның мәнісі: қысқа қарай өзінің әдеті бойынша қалың ұйқыға кететін аю көктем шыға оянып, аунап түсетін көрінеді. «Егер ол аунап түскенде беті жатқан апанының аузына қарап қалса, онда көктем тез арада туа-ды, ал теріс қарап аунаса, қыс суығы қатал түседі» деп жорамалдайды екен көнекөз қариялар. Осыдан кейін-ақ қойға күрең ашу басталады. Бұл кезең қыстың соңы болып саналады. Бұл кезде Қазақстанның кейбір солтүстік-шығыс аймақтарында қазан айының аяғын ала ызғарлы жел соғып, қараша қалың жаңбырға, тіпті қар жауып, аяғы жаяу борасынға ұласады. «Ерте қыс» деген де, міне, осындай табиғи құбылыстарға байланысты байқалады. «Көрі құда» — қыс атауының перифраздық баламасы. Бұл жерде сүйек жаңғыртып, үздіксіз араласып тұратын құдалар мен жыл тсайын болып тұратын қыс мезгілінің арасындағы ұқсастық ескеріліп отыр. «Көрі құда» бейнелеу түрінде — қыс; өйткені ол да ат терін құрғатпай келіп тұратын көрі құдалардай жыл сайын келмей қоймайды. Қыстың перифраздық эвфемистік баламасы. Қараша шегесін шағады, Желтоқсан көпірін салады — күздің соңы мен қыс басының өзара ұласуы, бір-біріне көпір салып, жалғасуы, міне, осылай суреттеледі. Қылышын сүйретіп қыс келер — жылда келетін қыс дайындығын жасамай, малының жағдайын ойламай жүрген бейғам шаруаға малын қырып, жұтқа ұшырататын қауіпті жау деп ескерту. Қыс: «тоны жоққа сәлем де, етігі жоққа өзім барамын» депті. ауысп. Аязды суық қыс өзінің көп ұзамай келетінін ескертіп, «тоныңды даярлай бер!» деуі — алдын ала ескерткені, ал етіктің қажеттігін өзім барғанда, өз аяғыңмен қар көшіп, мұз басқанда, табаныңды аяз қарығанда өзің-ақ сезерсің, ең болмаса сонда қамданарсың дегені. Қыс түседі — қыс мезгілінің келуін қазақтардың «Қыс түседі» деп сипаттауы үш айдай уақыт жердің бетін қаптап, жаңбыр төрізді жерге сіңіп, не ағып кетпей, сіреп жатып алатын қалың қардың аспаннан түсуіне байланысты болса керек. Қыстың көзі қырауда — қыс мезгілі ең алдымен өзінің қарлы-боранды, суық

та аязды күндерімен ерекше көзге түседі. Қар борап тұрса да, қылаулап жауса да, тіпті қар жаумай қатты суық, сақырлаған аяз болса да, бәрібір, жер бетіндегі өсімдік біткеннің бұтақ, жапырақтарын, адамның, жан-жануарлардың қас-қабағын, сақал-мұртын, үсті-басындағы түгін түгел қырау басады. Қыс-тың көзімен қарағанда адам айналасынан қырауды ғана көреді. Демек, «қыстың көзі қырауда» — айналаны қар мен қырау басқан, аязды суық қыс» деген сөз. Қыстың қары — жердің нәрі. ауысп. Қыста қалың жауған қар жердің өз бойын-да дымқылдығын мол сақтап, көктің, егістің қаулап өсуіне қолайлы жағдай туғызады деген сөз.

«БЕСТІҢ АЙЫ» ҚАНДАЙ АЙ?

Желтоқсан — қыс айларының алғашқы айы, григориан күнтізбесі бойынша он екінші ай. Бұл айда жауған қар кетпей табандап жатып алады. Саятқұмар жандардың жүйрік атқа мініп, қыран құс пен құмай тазыны алдына салып, аңға шығатын, яғни қансонардың қансорпа қызығына түсетін кезеңі. Желтоқсанның 22-сінде күн барынша қысқарады. Мұны қысқы күн тоқырау деп атайды. Ал 22 маусым күннің барынша ұзаратын уақыты, оны жазғы күн тоқырау дейді. Сонымен қатар бұл айда қазақтар қысқа дайындық ретінде соғым сойып алады. Осыған байланысты кейбір өңірде желтоқсанды «соғым айы» деп те атайды. Қазақ қыстың ызғарлы суық мезгілін, яғни жылдың соңғы ширегін тоқсанға бөліп, «қыс тоқсан» деп айрықша атаса, Желтоқсан айымен бірге жылдың ақырғы ширегі, тоқсан басталады. Бұл ай тоқсанның басы әрі суық желді болған-дықтан, халық оны «желтоқсан» деп атаған (яғни «жел» және «тоқсан» сөздерінен құралған). Қазақтар бұл айды кейде «тоқсан» деп те атайды. Байырғы есепшілердің есебі бойынша, аспан аясында Ай мен Қамбар жұлдызының бесінші тоғысуы осы айға тура келгендіктен, қазақтар желтоқсан айын «бестің айы» деп те атаған. Қырғыздар болса бүгінде желтоқсанды «бештин айы» деп қолданады. Мұнымен қатар, қазақ халқы желтоқсан айын ескілікте «жеді» (жеди, жәді, жыды) деп қолданған.

Гүлсинай ИСАЕВА, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Этнолингвистика бөлімінің аға ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты.

ҚЫЛҚАН ЖАПЫРАҚТЫ ЕКПЕЛЕРДІ САҚТАУ – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ!

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕЛЕР ҚАРСАҢЫНДА ҚЫЛҚАН ЖАПЫРАҚТЫ АҒАШТАРДЫ ЗАҢСЫЗ КЕСУ ДЕРЕКТЕРІ ЖИІЛЕЙДІ. БҰЛ ЖАҒДАЙ ОРМАН ҚОРЫНА, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӨРТҮРЛІЛІККЕ ЕЛЕУЛІ ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚОҒАМ НАЗАРЫН АУДАРУ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ОТЫР.

Қылқан жапырақты екпелер көптеген құстардың, жәндіктердің және жабайы жануарлардың табиғи тіршілік ету ортасы болып табылады. Ағаштардың жойылуы олардың мекендеу аймағын тарылтып, экожүйенің тепе-теңдігін бұзады. Сонымен қатар, қылқан жапырақты ағаштар көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегін бөліп шығару арқылы ауаның тазалығын қамтамасыз етеді және климаттың тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді. Қазіргі таңда тұрғындар арасында экологиялық мәдениет қалыптасып келеді. Көптеген азаматтар қылқан жапырақты ағаштарды кесуден бас тарта бастады және кейінірек бақшаға отырғызуға болатын папоротник немесе гүлді өсімдіктер сияқты тірі өсімдіктерді пайдалануды таңдайды. Бұл ресурстарды тұтынуды азай-



туға және табиғатты сақтауға көмектеседі. Табиғатты қорғау – мемлекеттік органдармен қатар әрбір азаматтың ортақ міндеті. Қылқан жапырақты екпелерді сақтау арқылы біз болашақ

ұрпаққа экологиялық қауіпсіз, жасыл орта қалдыруға өз үлесімізді қосамыз!

М. КҮНСАРИНА, «Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ орман шебері.

«БЕЙПІТІ ТАПСЫР - ДЕНСАУЛЫҚТЫ ТАҢДА!»



Соңғы жылдары елімізде электрондық темекілерді тұтыну деңгейі жоғарылағаны байқалады. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша электронды темекіні

тұтынушылар саны артқан қазіргі таңда 300 мыңнан астам қазақстандық азаматтар тыныс алу органдарының ауруларымен есепте тұр. Әсіресе көмелетке толмаған-

дар интернет ресурстары арқылы электрондық темекілерді сатып алуда. 2025 жылдың шілде айының 16 күні Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Қазіргі таңда «Бейпіті тапсыр-денсаулықты таңда!» атты профилактикалық акциясы ұйымдастырылуда. Акция барысында тиісті қызметкерлермен бірлесіп аудандағы сауда орындарында электрондық темекіні сатуға заңмен тыйым салынғаны туралы түсіндірілді.

САУЫТБАЙ МАСАТОВТЫҢ ӨМІРІНІҢ БЕЛГІСІЗ БЕТТЕРІНЕН...

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің қорына ағымдағы жылдың қараша айында Ресей федерациясында тұратын өлкетанушы, жерлесіміз Олег Геннадиевич Ярошенконың архивтерден іздестіру жұмыстарының нәтижесінде музей қорына 1928 – 1934 жылы Адай (Ойыл) округтік атқару комитетінің төрағасы болған Сауытбай Масатовтың өмірінің белгісіз беттерінен тың деректер келіп түсті. Келтірілген деректерге сәйкес, Сауытбай Масатовтың саяси және іскерлік қасиеттерін бағалай отырып, БКП (Б) оны Адай аудандық атқару комитетінің төрағасы етіп тағайындайды. Адай округі - 1928-1929 жылдары болған Қазақ АССР әкімшілік-аумақтық бірлігі. Адай округі 1928 жылы 17 қаңтарда Адай уезін қайта құру арқылы құрылғаны. 1932 жылы тиісті жоспарды орындамағаны үшін партия мүшелігінен Сауытбай Масатов шығарылып, сол жылы ҚР КП/б / К оны партия қатарына қайта алынғаны. (Ақтөбе мемлекеттік мұрағаты. 13-10-11).1935 жылы ақпанда Масатов Сауытбай 1935 жылы 11-17 ақпанда Мәскеуде өткен екінші Бүкілодақтық колхозшылар съезіне қатысқаны. Оған барлық аймақтардың, облыстардың және ұлттық республикалардың 1433 делегат қатысқаны. Съезд барысында Сауытбай И. В. Сталинмен жеке әңгімелесу мүмкіндігіне ие болғаны, бұл туралы 1935 жылғы 15 ақпандағы №

(41(5594) "Известия" газетінде (Ұлттық электрондық кітапхана, Известия, 1935, № 41, 5-бет) мақала шықты. 1938 жылы 24 сәуірде колхоз төрағасы Сауытбай Масатов РО НКВД (бастығы Константин Григорьевич Обласов) тұтқындалды. Айыптау: 58-бап, 1-тармақ (Отанға опасыздық), 58-бап, 8-тармақ (терроризм), 58-бап 10-тармақ (антисоветтік үгіт және насихат) РСФСР Қылмыстық кодексі (ист. "КСРО-дағы саяси террордың құрбандары" ДБ. Ақтөбе облысы бойынша ҚР ҰҚҚД мәліметтері). Сауытбай Масатов РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабы 7-тармағы (зиянкестік), 10-тармағы (антисоветтік үгіт және насихат) және 11-тармағы (ұйымдық контрреволюциялық қызмет) бойынша НКВД Уильям РО органдары тұтқындаған. Үкім бойынша түзеу-еңбек лагерлеріне 8 жылға кесілді (Ақтөбе мемлекеттік мұрағаты. 13-10-11). 1939 жылы 10 шілдеде Сауытбай Масатов Ақтөбе облысы бойынша ИО ақталды. "КСРО-дағы саяси террордың құрбандары" ДБ. Ақтөбе облысы бойынша ҚР ҰҚҚД мәліметтері). 1945 жылы Қазақ КСР-нің 25 жылдығына орай Сауытбай Масатов Қаз Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталды. КСР. 1949 жылы желтоқсанда (21) ол Мәскеуге Иосиф Виссарионович Сталиннің 70 жылдығын мереке-леуге шақырылған. 1948 жылдан 1952 жылға дейін Сауытбай Масатов "Жақсы-

көл" және Сапақкөл колхоздарының басқарма төрағасы" болып қызмет атқарған. Оның ұлы Бақытжан Масатов көп жылдар бойы Ойыл және Темір атқару комитеттерінде жұмыс істегені баяндалған. Музей қорындағы қысқаша дерекке сүйенсек, Сауытбай Масатов қазіргі маңғыстау облысының Түпқараған ауданы Сауытты-Қойжақ елді мекенінде дүниеге келген. Өз еңбек жолын 1910 жылы байлардың малшы-жалшысы жұмысын атқарудан бастады. Одан кейін Форт-Шевченко қаласында балық өндірісінде қара жұмысшы болып жасап, жаңаша және ескіше білім алған. 1928–1934 жылы Адай (Ойыл) округтік атқару комитетінің төрағасы, Кеңес өкіметін орнату ісіне елді жұмылдыруға белсене қатысады. 1934 – 1952 жылы Дзержинский атындағы Жетікөл (1934-1952 ж.ж.), Сапақкөл, Жақсы көл(1948-1952 ж.ж.) ауылдық кеңестері төрағасы қызметтерін атқарды. 1933 жылы Мәскеуде өткен екінді колхозшылардың Бүкілодақтық съезіне делегат, Қазақ ОАК-ге мүше болған. И.Сталинмен кездесуінде болған. Ақтөбе облысы Ойыл ауданының орталығы – Ойыл ауылының бір көшесі С.Масатов (бұрынғы Чапаев көшесі) есімімен аталады. Ойыл өңіріндегі тарихи тұлғалардың өмірбаяны мен қызметтік кезеңдерінен келіп түскен тарихи деректер қорға тіркеліп, насихатталуда. **К. ЖЕКЕМБАЕВА, Экскурсия жүргізуші.**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Ойыл Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.	Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1332 дана. Тапсырыс 1453 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.
--	---	---

ҰЛТТЫҢ ІРГЕТАСЫ - ОТБАСЫ!

ӨТКЕН АПТАНЫҢ СОҢЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ «БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» АТА-АНАЛАР КЛУБЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА СӨЙКЕС «ШАҢЫРАҚ ШАТТЫҒЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ ӨТТІ.



Бұл іс-шараға барлық мектептердің ата-аналары, педагогтері, 8-11 сынып оқушылары шақырылды. Психологиялық фестиваль - кәсіби психолог мамандары мен игропрактиктердің тәжірибе бөлісу алаңы. Ақтөбе қаласының психологтары А. Тоқсанбаева, А. Қартбаева, Г. Зикирова, игропрактик Ж. Оразалина, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің профессоры А. Баспақова, Алға ауданының психологы Н. Өткелбаева, Хромтау ауданының психологы М. Ізғалиева,

Ойыл ауданының педагог-психологтары спикер болып, шеберлік сағатын өткізді. Ең бастысы- қатысушылар өз сұрақтарына жауаптарын тапты. Форматы өзгеше өткен семинарда "Ұлттың іргетасы, негізін қалаушы - отбасы болса, отбасының іргетасы - бала" екенін басты ұран еткен ұйымдастырушыларға қатысушылар психологиялық-ағартушылық, трансформациялық сағаттардың жалғасын тауып, консультация алуға мүмкіндік болса деген ұсыныстарын жеткізді.

МАҢЫЗДЫ ЖИЫННЫҢ ЖҮГІ



Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымының Еңбекші әйелдер комиссиясының ұйымдастыруымен «Әйелдер мен қыздарға қатысты цифрлық зорлық-зомбылықты тоқтату үшін бірігейік!» тақырыбында маңызды басқосу өтті. Кездесудің негізгі мақсаты – әйелдер мен қыз балаларға бағытталған онлайн қауіп-қатерлердің алдын алу, цифрлық зорлық-зомбылықты азайту және қоғамда қауіпсіз интернет мәдениетін қалыптастыру. Жиын барысында қатысушылар цифрлық қауіпсіздікті нығайту, қыз балалардың құқықтарын қорғау, желідегі қорлау, қудалау және алаяқтықтың алдын алу мәселелерін кеңінен талқылады. Сонымен қатар, мектептер мен білім беру ұйымдарының

бұл бағыттағы жауапкершілігі мен рөлі ерекше атап өтілді. Кездесу қатысушылары ортақ әрекет ету қажеттігін тілге тиек етіп, жастарға арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының маңызын атап өтті. Жиын соңында қатысушылар цифрлық зорлық-зомбылықтың алдын алуда тек мемлекеттік органдар ғана емес, бүкіл қоғам біріге әрекет етуі қажет деген ортақ пікірге келді. Алдағы уақытта да осындай мазмұнды іс-шараларды жалғастырып, жас ұрпақтың цифрлық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар күшейтілетіні айтылды. Бұл кездесу қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған ортақ қадамдардың бірі болды.

ДЕБАТ ДОДАСЫ ҮЗДІК КӨШБАСШЫЛАРДЫ АНЫҚТАДЫ




Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымының қолдауымен "Ұшқыр ой алаңы" жобасы аясында "Ең үздік көшбасшы" атты дебат турнирі ұйымдастырылды. Ауданға қарасты білім беру ұйымдарынан қатысқан 12 дебат үйірмесінің жетекшілері ұсынылған негізгі қарарлар бойынша өзара бақ сынасып, жүлделі орындарды сарапқа салды. Турнир қазіргі дебат үйірмелері жетекшілерінің кәсіби әлеуетін ашып, олардың сөйлеу мәдениеті мен көшбасшылық қабілеттерін айшықтай түсті. Әсіресе Лейла Мұхамбетжан, Бекет Мұқышов және Венера Есенжолова сынды зияткер спикерлердің жүйелі ой айтуы, пікірді дәл жеткізе білуі және әдемі ойын өрнегін көрсете білуі көрермен назарынан тыс қалған жоқ.

Турнир қорытындысында І орын "Ойыл" фракциясына (Жәнібек Бисенғалиев пен Бекет Мұқышов), ІІ орын "ЖасStars" фракциясына (Лейла Мұхамбетжан мен Қарақат Санатқызы), ал ІІІ орын "Жаңа серпін" фракциясына (Балдаурен Сырымжанқызы мен Венера Есенжолова) бұйырды. Сонымен қатар "Үздік спикер" атағы Лейла Мұхамбетжанға берілсе, "Көрермен көзайымы" аталымын Алтынзер Ақбисенова иеленді. Барлық қатысушылар аудандық кәсіподақ ұйымы тарапынан дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Турнир аудан дебатшыларының кәсіби дамуына серпін беріп, жетекшілер арасындағы ынтымақтастық пен тәжірибе алмасудың маңызды алаңына айналды.

ҮЗІЛГЕН ЖАРЫСТЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Өткен сәбінде Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі мен дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде Энергетиктер күніне орай мекеме қызметкерлері арасында волейболдан аудандық «Ауыспалы кубок» турнирі ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді. Бұған дейін кәсіби мерекелері қарсаңында тұрақты өткізіп келген, соңғы бес жылда үзіліп қалған дәстүрлі жарысты энергетиктер биыл қайта қолға алыпты. Аталған спорттық шараға Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев пен аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин, аудандық электр желісі мекемесінің басшысы Серік Қартбаев қатысып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, спорттың бұқаралық маңызын атап өтті. Түске дейін екі топта өзара мықтыны анықтаған әуесқой волейболшылар түстен кейін жүлделі орындарды сарапқа

салды. Тартысты турнирдің нәтижесінде ІІІ орын Ойыл аудандық полиция бөлімі командасына бұйырды. Ал, финалда ғана жеңілген Ж. Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің командасы екінші орынға ие болды. Ал, Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің командасы турнирдің бас жүлдесі мен «Ауыспалы кубокты» иеленді. Сонымен қатар жарыс барысында үздік ойыншылар анықталып, арнайы номинациялар табысталды. Яғни, ұйымдастырушылар мен төрешілер алқасының ұйғаруымен Арнұр Берікұлы «Үздік қорғаушы» атанса, Нұрлан Ешімов «Үздік байланыстырушы» болды. Ал, Рахат Бақдәулетов «Үздік ойыншысы» атанды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдар мен Ойыл аудандық электр желісі мекемесінің қаржылай марапатына ие болды.



ОРЫНБАСАР АҒАНЫҢ ІЗГІЛІКТІ ҮЛГІСІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БИЫЛҒЫ «ӨДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНДА «КӘСІБИЛІК ПЕН ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ҚОҒАМЫМЫЗДА ЕҢ ЖОҒАРЫ ОРЫНДА ТҰРУЫ ҚАЖЕТ. ЕЛІМІЗДЕ ЕҢБЕКҚОР АДАМ, КӘСІБИ МАМАН ЕҢ СЫЙЛЫ АДАМ БОЛУҒА ТИІС.



Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналысқан да, оны сапалы атқару маңызды», – деген болатын. Мемлекет басшысының өзі бастап көтерген осы бастаманы біздер де жалғастырып, өз ауданымызда, ауылымызда дүниеге келіп, ауданымызға, ауылымызға азды – көпті еңбегін сіңірген аға – апаларымыз, ата – әжелеріміз туралы мағлұмат жинаған болатынбыз. Жалпы біздің Ойыл ауданы облыс орталығынан алыс орналасқан шағын ғана аудан болғанымен, еңбегімен елге танылған, тіпті әлемге танылған азаматтарымыз да баршылық. Олар ел аузында, баспасөз беттерінде талай рет жарияланып, елге үлгі болып жүр. Алдымен осы еңбек адамы кім, соған тоқтала кетсек... Халқымыз қаншама қиындық көрсе де, ғасырлар сынынан өткен салт-сана, әдет-ғұрып бізді жарқын күндерге жетеледі. "Еңбек - адамның көркі, адам - заманның көркі" дейді халық даналығы. Еңбек адамы бұл, ең алдымен, өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман. Нағыз еңбек адамы — бұл істің адамы, яғни әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат. Осындай қызметі көп көзге көріне бермейтін, халық арасында

қаншама жандар жүр. Солардың бірі де, бірегейі колледжімізде талай жыл еңбегін сіңірген, талай шәкірт тәрбиелеп, маман шығарған, құрметті демалысқа шығып, еңбегінің зейнетін көріп отырған отбасында ардақты ата, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері – Орынбасар ағайымыз. Орынбасар Тұрғамбеков 1953 жылы 27 қазанда жұмысшы отбасында дүниеге келген. Әкесі Ұлы отан соғысының ардагері Жұмай дүкенші, асхана меңгерушісі, мал қабылдаушы – дайындаушы сияқты қарапайым қызметтер атқарған. Анасы Дәмет көп балалы «Батыр ана». Екеуі 11 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Осы 11 баланың ішінде үшінші ұл осы Орынбасар ағайымыз. Ол 1970 жылы Ойыл орыс орта мектебін бітіріп, Орал қаласындағы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтына түскен. 1975 жылы институтты тамамдап, «Ауыл шаруашылығының инженер-механигі» мамандығын алып шығады. Сол жылы ішпінде-тамыз айларында әскери жиында болып, лейтенант шенін алды. Көп кешікпей сол жылы қазан айында отбасын құрған. Алғашқы еңбек жолын №196 Ойыл орта селолық кәсіптік-техникалық училищесінде (қазіргі Ойыл кәсіптік колледжінде) арнайы пән оқытушылығынан бастаған. Училищеді 3 жылдай қызмет етіп, 1978 - жылы «Ойыл» кеншарына мамандығы бойынша инженер болып ауысады. Сол жылы әкесі дүниеден озып, отбасындағы үлкен ұл болуына байланысты артынан ерген 8 бауыры, 4 қарындасы мен 4 інісін оқытып, өз алдына үй қылып жіберу осы осы кісінің мойнына жүктеледі. Отбасындағы міндетті мен жұмысын қатар арқалап, 15 жылдай абыроймен қызмет атқарған. Көптеген жұмыстар атқарып, маңдай терімен, сол мекемеде өзінің қолтаңбасын қалдырды.

БАЛАҒА БАҒДАР — БІЗГЕ МІНДЕТ!

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ШЕШУШІ СӨТТІҢ БІРІ. БОЛАШАҚ ТАБЫС КӨЛЕМІ, ӨМІР САЛТЫ, ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОҚЫҒАН МАМАНДЫҒЫ МЕН КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІ ТІКЕЛЕЙ ӨСЕР ЕТЕДІ.



Егер оқушы өзінің икемі мен қызығушылығына сай мамандық таңдаса, өмірге құлшынысын артып, алдына нақты мақсат қойып, жоспар құрады. Сондықтан білім ордаларында кәсіби бағдар беруге бетбұрыс бар. Ол бағытта «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалы балаларға кәсіби бағдар беруге қолұшын созып отыр. Ж. Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің кәсіптік бағдар беру маманы Есенгелді Бегалин балаларды белгілі бір кәсіпке қызықтыру үшін оқушыларға Ойылдағы белгілі бағбан Сапура Мырзағалиеваның «Жылыжайына» «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалымен бірлесіп саяхат ұйымдастырды. Оқушылардың «Жылыжайдың» жұмысымен танысу үшін ұйымда-

стырылған кәсіптік бағдар сабағына аудандық кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы Серікбай Қойбағаров пен аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы Әйгерім Мейрамқызы қатысты. Ал, мектептің алтыншы сынып оқушыларына арнаулы мамандар «Жылыжайдағы» көкөністерді күтіп-баптау жолдарын түсіндірді. Қазіргі таңда оқушыларға кәсіптік бағдар берудің маңызы жоғары. Бұл тек баланың керекті маман иесі болуына ғана емес, еңбек нарығы мен қоғам сұранысына сай кадр дайындаудың алғышарты. Жасанды интелектпен еңбек нарығында да жаңа технологиялар енгізіліп жатқан шақта аталған қадамды мектептен бастау орынды-ақ. Ол үшін әр баланың бейімін байқап, білігін танып, қызығушылығына қарау керек.

1993 жылы мекеменің жабылуына байланысты алғашқы еңбек жолын бастаған училищеге арнайы пән оқытушысы болып қайта оралады. Бұл кезде училище №22 Ойыл орта кәсіптік-техникалық училищесі болып өзгерген болатын. Өндірістен жинаған тәжірибесі мен теориялық білімін ұштастырып шәкірт тәрбиелеу ісіне қайта кіріседі. 1993 жылдан 2020 жылға дейін, 27 жылын осы білім саласына арнайды. Осы жылдар ішінде училищенің атауы бірнеше рет заман ағымымен өзгеріп отырды. Ұлағатты ұстаз оқу орнымен бірге көктеп, заман талабына сай өзін де жетілдіріп, шәкірттерін де жетілдіріп, уақыт көшінен қалмай, талмай қызмет етті. Оқытушылығымен қатар, осы оқу орнында директордың орынбасары сияқты жауапты қызметтер де атқарды. 1997-1999 жылдар аралығында №2 Ойыл кәсіптік техникалық лицейдің директоры болып тағайындалып, оқу орнын 2 жылдай басқарды. Білім берген студенттері мамандықтары бойынша білім сайыстарына қатынасып, бірнеше мәрте облыстық сайыстың Гран-при иегері, республикалық сайыстарда жүлделі орындар иеленді. Ұстаздың білім алып, тәрбиесін көрген шәкірттері қазіргі таңда қоғамның сан түрлі саласында еңбек етіп, сол бағытты алға жылжытуға үлес қосып, лауазымды қызметтер де атқарып жүр. Ұстаздықтың ұлы жолын таңдаған ағайымыздың еңбегін мемлекетіміз де бағалап, жұмыс жасаған жылдары аудан әкімің, облыстық білім

басқармасының, Қазақстан Республикасының оқу және білім министрлігінің құрмет грамоталарымен марапатталды. 2010 жылы «Үздік арнайы пән оқытушысы», 2014 жылы «Қазақстан Республикасы Білім саласының құрметті қызметкері» атанды. Алтын діңгек ұстаз жолдасы Мариям алай екеуі 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Мариям алай да аудандық ауруханада 40 жыл мейірбике болып қызмет етіп, 2014 жылы зейнеткерлікке шыққан еңбек адамы. «Өке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп халық даналығы айтып кеткендей, үлкен ұлы аудан әкімінің орынбасары, екінші ұлы менеджер, қызы есепші болып ер салада абыроймен қызметтер атқарып жүр. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырған ардагер ұстаз жұбайы екеуі 12 немереге ата-әже болып қазіргі таңда зейнеткерлік демалыста. 2020 жылы зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстаз әлі күнге дейін колледжде, ауданда өткізіліп жатқан іс-шараларға қалмай қатынасып, атсалысып келеді. Жасы 70 – тен асып кетсе де, шаруасына мығым ақсақал, өзінің жүк көлігін, жеңіл көлігін тізгіндеп, бұзылса жөндеп, көршілеріне, көшедегі жастарға еңбегімен үлгі болып жүр. «Адамды тіріде тек бағалайық, Ардақтап апалайық, ағалайық...» — деп Жұбан Молдағалиев жырлағандай, бақытын ұстаздықтан тапқан ардагер ұстаздың еңбегін ұмытпау — біздің парызымыз.

Дәурен САДЫҚОВ,
Ойыл кәсіптік колледжінің
өндірістік оқу шебері.

